

# BRAUN






CareStyle 7  
CareStyle 7 Pro



Type 12870020  
Type 12870021

Register your product  
[www.braunhousehold.com/register](http://www.braunhousehold.com/register)

Ironing system



**B**





<p>flashing</p> <p>~10'-15'</p>	<p>permanent</p>		<p>max 2.0 L</p> <p>min</p>	
---------------------------------	------------------	--	---------------------------------	--




**C**

		<p>flashing</p> <p>→</p> <p>iron ready + (speaker icon)</p>	
--	--	---	--




**D** CareStyle 7 Pro

<p>iCare</p>	<p>iMode</p> <p>Turbo</p>	<p>iMode</p> <p>ProSteam</p> <p>30 sec</p>	<p>iMode</p> <p>Eco</p>	<p>boost 15'</p> <p>Boost</p> <p>boost 15' + (speaker icon)</p> <p>15 min</p>
--------------	---------------------------	--	-------------------------	---











### G Care & Cleaning



### Lock System



### Storage



Το εικονίδιο ατμού είναι μονίμως αναμμένο, αλλά δεν βγαίνει ατμός από την πλάκα.	Το φλοτέρ της δεξαμενής νερού είναι μπλοκαρισμένο ή η δεξαμενή νερού δεν έχει εισαχθεί σωστά.	Απενεργοποιήστε τη συσκευή και βγάλτε την από την πρίζα. Βγάλτε και αδειάστε τη δεξαμενή νερού, ξεπλύνετε και γεμίστε ξανά. Βάλτε τη δεξαμενή νερού. Περιμένετε ωστόσο κρυώσει η συσκευή (το λιγότερο 2,5 ώρες) και δοκιμάστε ξανά. Αν το πρόβλημα παραμένει, επικοινωνήστε με εξουσιοδοτημένη εταιρεία τεχνικής υποστήριξης της Braun.
Ατμός ή νερό εξέρχεται από το πώμα.	Το πώμα δεν έχει σφικτεί σωστά.	Απενεργοποιήστε τη συσκευή, βγάλτε την από τη πρίζα και αφήστε την να κρυώσει (για τουλάχιστον 2,5 ώρες). Ξεβιδώστε το πώμα και βιδώστε την ξανά στη συσκευή με το σωστό τρόπο. Σημείωση: Μπορεί να διαφύγει λίγο νερό όταν ξεβιδώνετε το πώμα.
Το διπλό καλώδιο θερμαίνεται κατά τη χρήση.	Αυτό είναι φυσιολογικό. Μπορεί να οφείλεται στη δίοδο ατμού από το καλώδιο κατά το σιδέρωμα.	Τοποθετήστε το διπλό καλώδιο στην απέναντι πλευρά έτσι ώστε να μην μπορείτε να το αγγίξετε κατά το σιδέρωμα.
Υπάρχουν μερικές σταγόνες νερού κατά την αφαίρεση της δεξαμενής νερού		Αυτό είναι φυσιολογικό και δεν απαιτείται κάποια ενέργεια.

## ҚАЗАҚ

### Сипаттамасы

- 1 Қосу/Өшіру түймесі/белгішесі
- 2 Қарқынды булау түймесі/белгішесі (тек кейбір үлгілерде)
- 3 FastClean түймесі/белгішесі
- 4 Су үнемдеу белгішесі
- 5a iMode таңдау тетігі
- 5b Бу параметрлері белгішелері
- 6 Бу түймесі
- 7 Үтік қойғыш

- 8 Бекіту жүйесі
- 9 Алмалы су сауыты
- 10 Тығын
- 11 Қосарлы сым / сақтау орны
- 12 Қуат сымы / сақтау орны
- 13 Тұғыр

### Қолданылу мақсаты

Бұл аспап күтіп ұстау заттаңбасына сәйкес үтіктеуге жарайтын киім-кешекті ғана үтіктеу үшін пайдаланылуға тиіс. Сонымен қатар аспапты киімді жаңалау үшін пайдалануға болады. Киіп жүрген

киімді ешқашан үтіктеуге немесе булауға болмайды.

## Бірінші рет қолданар алдында

Бірінші рет бу дайын болғанда, киімді үтіктің зауыттан қалып қойған қалдықтары былғамас үшін бірнеше минут бір шүберекті үтіктеуді ұсынамыз.

## (A) Су құятын ыдысқа су құю

Құрылғыны өшіріп, жүйені қуат көзінен ажыратыңыз.

- Су құятын ыдыстағы суды төгіңіз (9).
- Су құятын ыдысқа краннан су құйыңыз, "max" деңгейінен асырмаңыз, бірақ "min" белгісінен төмен болмауын қадағалаңыз.
- Егер суыңыз тым кермек болса, 50 % құбыр суы мен 50 % сүзілген таза суды араластырып пайдалануға кеңес береміз.
- Сүзілген таза судың өзін ғана пайдалануға болмайды. Ешқандай қоспалар қосуға болмайды (мысалы, крахмал). Кір кептіретін машинада жиналған суды қолданбаңыз.
- Су құятын ыдысты орнына салыңыз.
- Құрылғыны жазық, тұрақты жерге қойыңыз.

**Ескертпе:** Егер сүзу құралдарын немесе тұрмыстық тұрақты қақ тазалағышты қолдансаңыз, алынған судың pH көрсеткіші бейтарап екеніне көз жеткізіңіз.

## (B) Су үнемдеу функциясы


Су деңгейі төмендеген кезде, су үнемдеу белгішесі (4) жыпылықтай бастайды. Бұл кезеңде бумен үтіктеуді 10-15 минуттай жалғастыруға болады.


Су үнемдеу белгішесі үздіксіз жанып тұрғанда су сауытына су құю керек. Сонымен бір мезгілде Қосу/Өшіру

белгішесі (1) мен таңдалған параметрді бастау белгішесі жыпылықтай бастайды.

Бумен үтіктеуді жалғастыру үшін су сауытына кем дегенде "min" белгісіне дейін су құйыңыз.

## (C) Пайдалануды бастау

Үтіктеуге кіріспес бұрын киімді күтіп ұстау бойынша нұсқауларды зейін қойып оқыңыз.  таңбасы бар маталарды үтіктеуге болмайды.

- Үтікті тұғырына (7) немесе тіреуішіне (13) қойыңыз, екі сымын (11, 12) толық жазып, аспапты тоққа жалғаңыз да, On/Off (қосу/өшіру) түймесін (1) басыңыз.
- iCare параметрі  және Қосу/Өшіру түймесі жыпылықтай бастайды да, дыбыстық белгі естіледі. Үтік қыза бастайды.
- Температураға жеткеннен кейін Қосу/Өшіру түймесі мен тиісті бу параметрі белгішесі үздіксіз жанады да, буме үтіктеуге дайын екенін білдіретін дыбыстық белгі беріледі.

### Бумен үтіктеу

Бу шығару үшін бу түймесін (6) басыңыз.


### Құрғақ үтіктеу

Бу түймесін (6) баспастан үтіктеңіз. Құрғақ үтіктеу басталғаннан кейін 10 минут өткенде құрылғының күту күйіне ауысатынын ескеріңіз. Тағы да 10 минут өткенде авто-өшіру режимі іске қосылады.

### Қарқынды бу жіберу функциясы

Бу түймесін (15) 1 секунд ішінде екі рет жылдам басыңыз. Бірнеше секунд үздіксіз бу шығарылады. Функцияны тоқтату үшін бу шығару барысында бу түймесін тағы бір рет басыңыз.

## (D) Параметрлер

Аспап тоққа жалғанған кезде соңғы жолы таңдалған параметрге қарамастан, ол әрқашан iCare параметріне  орнатылады.

Бір параметрден екіншісіне ауысу үшін iMode тетігін (5a) басыңыз.

### **Eco**

Синтетика, жібек және аралас материалдар сияқты нәзік заттарды үтіктеуге қолайлы. Бұл режимде қуат үнемдеу мүмкіндігі бар.

### **iCare**

Жүн, полистер және мақтадан жасалған заттарды үтіктеуге қолайлы.

### **Turbo** +


Мақта/зығыр және джинси сияқты күшті буды қажет ететін материалдардан жасалған заттарды үтіктеуге қолайлы.

Бұл параметрді сондай-ақ киер алдында шкафта болған киім-кешекті жаңалап, тазарту үшін пайдалануға болады.

**Ескертпе:** Тазарту функциясын адамдарға немесе үй жануарларына пайдалануға болмайды.

### **Қарқынды булау** (тек CareStyle 7 Pro)

Осы параметрдің көмегімен ең мол бумен 15 минут бойы үтіктеуге болады.


- Іске қосу үшін қарқынды жұмыс түймесін (2) басыңыз.
- Қарқынды булау белгішесі мен турбо белгішесі  + үздіксіз жанады да, қысқа дыбыстық белгі естіледі.
- Осы функцияны тоқтату үшін iMode тетігін (5a) немесе қарқынды жұмыс түймесін қайтадан басыңыз.


15 минуттан кейін турбо режимінде үтіктеуді жалғастыруға болады.

**Ескертпе:** Қарқынды булау функциясы тек керекті температураға жеткенде және бу дайын болғанда ғана жұмыс істейді.

### **ProSteam**

Бұл параметр бу түймесін (6) баспастан 30 секундқа дейін үздіксіз булауды қамтамасыз етеді.


Оның булау жылдамдығы iCare  параметрімен бірдей болғандықтан, оны жүн мата, полиэстер мен мақта мата сияқты киім-кешекке қолдану ұсынылады.

• Осы параметрді іске қосу үшін ProSteam  таңдаңыз да, бу түймесін (6) бір рет басыңыз.

• Үтіктен бу 30 секунд бойы автоматты түрде шығады.

• Функцияны ертерек тоқтату үшін бу түймесін қайтадан басыңыз.

### **Бумен тігінен үтіктеу**

Үтікті ілініп тұрған киімдерді булау үшін де қолдануға болады. Үтікті тік күйінде ұстаңыз да, ProSteam  параметрін таңдаңыз.

**Абай болыңыз:** Бу өте ыстық болады. Киіп жүрген киімді ешқашан үтіктеуге немесе булауға болмайды.

## **Эргономикалық тұрғыдан сертификаттау**

Эргономикалық сертификаттау институты бағалап, сертификаттаған осы политехникалық, биомедициналық, психоәлеуметтік (пайдалану ыңғайлылығы) және адамға бағдар алатын жобалау процесіне қатысты эргономикалық талаптарға сай болып, ыңғайлы әрі тамаша нәтижемен үтіктеу үшін жасалған.

Барынша жақсы нәтижеге жету мақсатында аспапты жобалаудың барлық кезеңдеріне мен сынақтан өткізу процесіне нақты тұтынушылар белсенді түрде қатыстырылды.

Үтіктеуге ыңғайлы және әрі жайлырақ болу үшін төменде келтірілген ұсыныстамаларды орындаңыз:

- Иығыңыздың ыңғайсыз қалпын азайту мақсатында үтіктеу тақтасын бойыңызға дәлдеп реттегеніңіз дұрыс. Ең жақсы қалып – иығыңыз бен арқаңыз еркін қозғалуы үшін шынтағыңыз 90° бұрышпен орналасуы керек.
- Сонымен қатар сақтауға қойған және тасымалдаған кезде аса жайлы әрі ыңғайлы болуы үшін оны аспаптың ішіне бекітпес бұрын қуат сымын қолыңызға

ораңыз да, жинаққа кіретін қысқышпен бұғаттаңыз.

- Құрылғыны тасымалдау алдында су сауытын босату, ал оны көтерген кезде арқаңызды тым қатты шалқайтпаған жөн.

## (E) Авто өшіру

Егер 10 минуттан кейін бу шықпаса, осы функция іске қосылады.

- Үтік авто-өшіру режимінде тұрғанда, Қосу/Өшіру түймесі (1) және тандалған параметрге қатысты белгіше жыпылықтай бастайды.
- Үтіктеуді жалғастыру үшін кез келген түймені басыңыз да, параметрге қатысты белгіше үздіксіз жанғанша күтіңіз.
- Бу шығармастан тағы 10 минут өткенде, үтік пен бу станциясы ажырайды.

## (F) Қақты кетіру

Аспап ыстық және (немесе) болғанда тығынды (10) ашуға немесе тиісуге болмайды.

Қайнатқышты шаю үшін химиялық заттарды, үстемелерді немесе қақ тазартқыштарды қолданбаңыз.

Аспаптың қағын кетіру қажет болған кезде FastClean белгішесі (3) үздіксіз жанады.

Қақты кетіру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз:

- Құрылғыны өшіріп (1), розеткадан суырыңыз.
- Су сауытындағы суды төгіңіз.
- Құрылғы әбден суығанша күтіңіз (кем дегенде 2,5 сағат).
- Аспапты шұңғылшаның шетіне қойыңыз да, тығынды (10) сағат тілінің бағытына қарсы бұрап ашыңыз. Суды шұңғылшаға төгіңіз.
- Үзілген қақты кетіру үшін тығынды ағып тұрған суға жуыңыз.

- Аспаптан су ағуы тоқтаған кезде, қайнатқышты жабу үшін тығынды сағат тілінің бағытына қарсы бұрап жабыңыз.
- Розеткаға жалғыңыз да, тоққа қосыңыз.
- Бастапқы қалпына қайтару үшін FastClean жүйесінің түймесін (3) 2 секунд басыңыз.

Егер құрылғыны қағын кетірместен өшірсе, келесі жолы тоққа қосқан кезде FastClean белгішесі (3) үздіксіз жанады.

**Ескертпе:** Тұрмыстық тұрақты әк тазартқыш жүйені пайдаланғанда су тұтыну көлемі басқаша болатындықтан, суды 4 рет толық құйған сайын немесе кем дегенде айына бір рет жүйені әктен тазартуды ұсынамыз.

Мұндай жағдайда FastClean белгішесінің автоматты түрде жанбайтынын ескеріңіз.

## (G) Үтіктегеннен кейін

### Күтіп ұстау және тазалау

Әр кез үтіктеп болғаннан кейін су сауытын алыңыз да, босатыңыз.

- Тазалар алдында үнемі құрылғының өшіріліп, қуат көзінен ажыратылып, толық суығанына көз жеткізіп алыңыз.
- Үтіктің табаны мен тұтқасындағы жұмсақ материалды дымқыл шүберекпен тазалаңыз.
- Химиялық заттарды, сірке суын немесе қырғыш жөкені (мыс., қатты нейлон матасы бар жөке т.с.с) пайдалануға болмайды.

### Бекіту жүйесі

Тасымалдау ыңғайлы әрі сақтауға оңай болуы үшін аспап бекіткіш жүйемен жарақталған. Аспапты бекітілген үтіктің тұтқасынан ұстап көтеруге немесе алып жүруге болмайды.

**Ескертпе:** Тасымалдаудан бұрын үтіктің дұрыс бекітілгеніне және су сауытының бос екеніне көз жеткізіңіз.

- Үтік табанын темір төсемнің ойығына орналастырыңыз.

- Үтікті бекіту үшін жүгірткіні (8) (оңай бекіту) “сырт” еткен дыбыс естілгенше үтікке қарай итеріңіз.
- Үтіктің бекіткішін ағыту үшін жүгірткідегі (оңай бекіту) түймені төмен басыңыз. Үтік босатылады.

### Сақтауға қою

Үтікті тоқтан ажыратып, су сауытын босатыңыз да, сақтау үшін сымдарды орамас бұрын аспаптың суығанын күтіңіз.

Қуат сымын ыңғайлы сақтау үшін “Эргономикалық тұрғыдан сертификаттау” бөлімін қараңыз.

### Кепілдік және жөндеу

Толық ақпаратты бөлек кепілдік және жөндеу парақшасынан қараңыз немесе [www.braunhousehold.com](http://www.braunhousehold.com) сайтына кіріңіз.

## Ақаулықтарды жою нұсқаулығы

Ақаулық	Себебі	Шешімі
Құрылғы қосылмайды.	Құрылғы қуат көзіне жалғанбаған.	Құрылғының дұрыс қосылып тұрғанын тексеріп, қосу/өшіру түймесін басыңыз.
Бу бекетінің астынан бу шығады.	“Мах” қысым қауіпсіздігі жүйесі ашылып кеткен.	Құрылғыны дереу өшіріп, Braun тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
Үтік табанындағы тесіктерден су тамшылайды.	Бу бірінші рет қолданылып отырғандықтан, түтіктердің ішінде су жиналып қалған немесе құрылғы біраз уақыт қолданылмаған.	Үтіктеу тақтасынан алысырақ тұрып бу түймесін бірнеше рет басыңыз. Бұл бу жүйесіндегі суық суды жояды.
Табанынан қоңыр түсті сұйықтық ағады.	Су құятын ыдысына су жұмсартатын химикаттар немесе қосындылар құйылған.	Су құятын ыдысқа ондай өнімдерді құюға болмайды. Үтіктің табанын дымқыл шүберекпен сүртіп алыңыз және қайнатқышты шайыңыз.
Құрылғы бірінші рет қосылғанда, түтін немесе иіс шыққанын байқайсыз.	Үтіктің кейбір бөлшектері тығыздағыш материалдармен/ майлармен өңделген, сондықтан үтік бірінші рет қосылғанда сол заттар шығады.	Бұл қалыпты жағдай және үтікті бірнеше рет қолданған соң, өздігінен тоқтайды. Егер құрылғы өшірілгеннен соң да түтін/иіс кетпесе, Braun тұтынушыларға қызметі көрсету орталығына хабарласыңыз.
Құрылғы дірілге ұқсас үзік шу шығарады.	Бу генераторына су тартылуда.	Бұл қалыпты жағдай және еш әрекет жасамаңыз.

Тығында бұрап алу қиын.	Әк қабаты тығынды ашуға кедергі келтіруде.	Қақпақшаны күштеп бұрап ашыңыз. Ақаулыққа жол бермеу үшін аспаптың қағын жиі тазалау қажет.
	Қайнатқышта әлі де қысым бар.	Қайнатқышта әлі де қысым болса немесе ыстық болса, тығынды ашуға болмайды. Тығынды ашпас бұрын кем дегенде 2,5 сағат күтіңіз.
Су құйғаннан кейін, ● белгішесі бастапқы қалпына қайтарылмайды.	Су қалқымасы дұрыс жұмыс істемейді.	Су сауытын босатып, шайыңыз, қайтадан су толтырыңыз.
	Су құятын ыдысы дұрыс салынбаған.	Су құятын ыдысты дұрыстап салыңыз.
Жарық диодты шамдардың барлығы жыпылықтап тұр.	Жүйе қателігі.	Жүйені қуат көзіне ажыратып, қайта жалғаңыз да, Қосу/Өшіру түймесін басыңыз. Егер мәселе әлі де шешілмесе, құрылғыны өшіріп, Braun тұтынушыларға қызметі көрсету орталығына хабарласыңыз.
Бу белгішесі тұрақты түрде қосылып тұр, бірақ табанынан бу шықпайды.	Су сауыты бекітіліп қалған немесе дұрыс салынбаған.	Құрылғыны өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз. Су сауытын босатып, ішін шайып, қайтадан су толтырыңыз. Су құятын ыдысты орнына салыңыз. Аспап әбден суығанша күтіңіз (кем дегенде 2,5 сағат), содан кейін тағы бір байқап көріңіз. Егер мәселе әлі де шешілмесе, Braun Тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз
Тығыннан сыртқа бу немесе су шашырайды.	Тығын дұрыс қатайтып бұралмаған.	Аспапты өшіріп, розеткадан ашасын суырыңыз да, суытыңыз (кем дегенде 2,5 сағат). Тығынды бұрап алыңыз да, аспапқа қайтадан дұрыстап бұрап салыңыз. Ескертпе: Тығынды бұрап алған кезде шамалы су ағуы мүмкін.
Қосарлы сым пайдалану кезінде ысып кетеді.	Бұл қалыпты жағдай. Мұның себебі – үтіктеу барысында бу сым арқылы өтеді.	Қосарлы сымға үтіктеу кезінде тиіп кетпеу үшін оны қарама-қарсы жаққа қойыңыз.
Су сауытын суырған кезде шамалы су тамшылайды		Бұл қалыпты жағдай, сондықтан ештеңе істеу қажет емес.

<b>Үлгі</b>	IS 7262, IS 7282, IS 7286
<b>Кернеу</b>	220 – 240 В
<b>Герц</b>	50-60 Гц
<b>Ватт</b>	2600 Вт
<b>Сақтау шарттары:</b>	температура: +5°C және +45°C Ылғалдылық: < 80%

Қытайда жасалған  
Делонги Браун Хаусхолд ГмбХ  
Германия Заңды өндіруші:  
Делонги Браун Хаусхолд ГмбХ  
Карл-Улрих-Штрассе 4  
63263 Ной-Изенбург

Бұйымды іске пайдалану нұсқаулығына сәйкес өз мақсатында пайдалану керек. Бұйымның қызмет

мерзімі тұтынушыға сатылған күннен бастап

2 жылды құрайды.

Импортер:

«Делонги» ААҚ, Ресей, 127055,  
Москва қаласы, Суцёвская көшесі,  
27/3-үй (27-үй, 3-құрылым)

Тел. +7 (495) 781-26-76

**Сақталу мерзімі:** Шектелмеген

**Арылу жағдайлары:** Қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес

**Тасымалдау жағдайлары:** Тасымалдау кезінде құлатып алуға немесе шамадан тыс шайқалтуға болмайды.

**Сату жағдайлары:** Сату жағдайларын өндіруші көрсетпеген, бірақ олар жергілікті, мемлекеттік және халықаралық ережелер мен стандарттарға сай болуға тиіс

**Өндіруші зауыт:**

De'Longhi Braun Household GmbH, Carl-Ulrich-Strasse 4, 63263 Neu Isenburg, Germany

## РУССКИЙ

### Описание

- 1 Кнопка/индикатор «Вкл./Выкл.»
- 2 Кнопка/индикатор парового удара (только в определенных моделях)
- 3 Кнопка/индикатор FastClean
- 4 Индикатор запаса воды
- 5a Переключатель режимов iMode
- 5b Индикатор настройки пара
- 6 Кнопка подачи пара
- 7 Платформа для утюга
- 8 Система фиксации

9 Съёмный резервуар для воды

10 Заглушка

11 Двойной кабель/место для хранения

12 Кабель питания/место для хранения

13 Задняя подставка

### Целевое назначение

Прибор следует использовать исключительно для глажения одежды, на памятке по уходу за которой есть информация о том, что эту одежду можно гладить. Также прибор можно использовать для освежения одежды. Никогда не гладьте и не отпаривайте одежду, которая надета на вас.